Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Өнертану» факультеті

# Дүниежүзілік пандемия кезінде 6В024 «Музыкатану және өнертану» оқу бағадарламасына талапкерлерді қашықтықтан қабылдау бойынша нұсқаулық



# 1

## ТАЛАПКЕРДІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНЫН ТАПСЫРУ ҮШІН



**1** Ноутбук немесе веб-камерасы мен дыбыс ұлғайтқышы бар дербес компьютері болуы керек



**2** Қуаты жақсы интернет желісі

loading

zoom

**3** Девайстерге ZOOM қосымшасын жүктеп алу

(ZOOM қосымшасын жүктеу бойынша нұсқаулыққа мына сілтеме арқылы өте аласыз kaznai.kz›wp-content/uploads/2020/03/казZoom)

moodle

**4** MOODLE жүйесіне кіруді үйренуі қажет. MOODLE жүйеге edu.kaznai.kz адресі арқылы кіре аласыз

2

# ТАЛАПКЕРДІҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУЫ БАРЫСЫ

**1** **Талапкер** құжаттарын e-gov порталына құжаттарды рәсімдеу арқылы онлайн тапсырады

e-gov

**2** Құжаттар тапсырылған соң, құжат рәсімдеушілер шығармашылық емтиханға қатысушы талапкерлердің тізімін комиссия мүшелеріне жібереді

**3** **Талапкер өзі туралы қосымша ақпаратты**

РЕЗЮМЕ

+7 xxx xxx xx xx

@

мамандық бойынша электронды почталарына жіберу

| «Кинотану» | «Кинотеледраматургия» | «Өнертану» | «Театртану» |
|---|---|---|---|
| kinotanu.talapker@mail.ru | ktd.talapker@mail.ru | beyneleu_talapker@mail.ru | talapker.20@bk.ru |

**4** +7 xxx xxx xx xx

**Талапкерлердің мессенджерлеріне хабарламалар мен онлайн емтихандар жайындағы ақпараттар жіберіледі**

**5** Google

talapker.kaznai.kz

**Талапкер академия сайтында көрсетілген емтиханға қойылатын талаптармен, бағалау критерийлерімен алдын-ала танысып алуы тиіс**

**6** **Талапкерлерге арналған чаттар ұйымдастырылады**

# 3

# ТАЛАПКЕРДІҢ ҚАШЫҚТЫҚТАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУЫ




**1** Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА-сының ресми talapker.kaznai.kz сайтында жарияланған кестеде көрсетілген ZOOM қосымшасының идентификациялық номері арқылы талапкер онлайн-кеңес беруге қатысуы керек



График
проведения онлайн консультаций
для абитуриентов КазНАИ им. Т. К. Жургенова
на 2020-2021 учебный год

| № | Дата | Время | Идентиф. номер | ФИО консультанта | Тема |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |

**3** **Талапкерлерге кеңес беру уақыты кестеге сәйкес жүргізіледі. Кестені академияның ресми сайтынан алуға болады**



**2** **Кеңес беру кезінде телефон (смартфон) немесе ноутбук (дербес компьютер) арқылы кіргенде девайстерге талапкер өз атын-жөнімен кіруі тиіс. Бұл кеңес берушінің талапкерді тіркеуі үшін керек**




**4** **Call-орталық**
**8 775 145 63 37**

**Динара Борыбаева**
оператор

# 4

# ТАЛАПКЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУ БАРЫСЫ

10:00

08.07.2020

## БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – ЖАЗБАША

09:30 exam online

1 Емтихан басталғанда ZOOM қосымшасын қосу

2 ZOOM қосымшасы арқылы жазбаша жұмыс тақырыптары экраннан (screensharing) көрсетіледі

3 Жазбаша жұмыс бойынша таңдауға үш тақырып беріледі. Жазбаша жұмыс көлемі – 3 бет

1 тақырып
2 тақырып
3 тақырып

4 Жазбаша жұмысты орындауға – 3 сағат

5 Жазба жұмысының жоғары жағына автордың аты-жөні және таңдаған тақырыбы жазылады

6 Жазбаша жұмысты орындау кезінде талапкер девайстің алдынан кетпеуі керек. Талапкердің басқа да дерек көздерінен көшіріп жазбағанын бақылау мақсатында бейнекамера үнемі қосулы тұруы керек. Бейнекамерасы ұзақ сөніп тұрған немесе жазбаша жұмыс кезінде орнынан тұрып кеткен талапкерлердің жұмыстары мүлдем есепке алынбайды

7 Егер талапкер кестеде көрсетілген уақытта онлайн қабылдау емтиханына қосыла алмаған жағдайда немесе интернет кенеттен өшіп қалған жағдайда комиссия мүшелеріне хабарлама немесе телефон соғып интернетке қосылу мүмкіндігі жайында ескертуі керек. Егер талапкер 15 минутта қосыла алмаған жағдайда шығармашылық қабылдау емтиханы басқа уақытқа, бірақ сол емтихан өткізілетін күнге қайта қойылады. Екінші рет қайта тапсырған кезде талапкер басқа, жаңа тақырып таңдайды. Ал шығармашылық емтиханды қабылдаушылар хаттамаға талапкердің бірінші реттен интернетке қосыла алмағандықтан қатыспағанын жазады

8 Ескерте кететін жайт, интернетке қосыла алмау себебінен болған мәселелерге сәйкес талапкерге қайта тапсыруға 1 рет қана мүмкіндік беріледі. Егер талапкер екінші рет шығармашылық емтихан тапсырып жатқан немесе қатыса алмаса қабылдау комиссиясы қосымша мүмкіндік бермейді

9 3 сағат біткен соң, талапкер жұмыстарын көрсетілген почталарға жіберуі керек

| «Кинотану» | «Кинотеледраматургия» | «Өнертану» | «Театртану» |
|---|---|---|---|
| kinotanu.talapker@mail.ru | ktd.talapker@mail.ru | beyneleu_talapker@mail.ru | talapker.20@bk.ru |

10 3 сағаттан кешіктірілген жұмыстар есепке алынбайды. Талапкерлердің жұмыстары арнайы құпия код қоюшыға жіберіледі

11 Сол жерде жазба жұмыстары антиплагиат жүйесіне жіберіледі. Антиплагиаттан сәтті өткен жұмыстарға құпия код қойылып, комиссия мүшелерінің электронды почтасына жіберіледі.

12 Әр комиссия мүшесі оффлайн түрде жұмыстарды бағалайды

13 Комиссия мүшелері ZOOM қосымшасы арқылы талапкердің жазбаша жұмыстарын бағалау туралы талдау-талқылау жұмыстарын жүргізеді. Талдау-талқылау барысы видеоға түсіріледі.

14 Комиссия мүшелері әр талапкердің жұмысына баға қояды, бағалар арнайы хаттамамен бекітіледі

15 Хаттама құпия кодтар бойынша толтырылып, кодтаушыға қайта жіберіледі. Кодтаушы жазбаша жұмыстарды дешифрлеп талапкерлердің аты-жөнін көрсетеді. Оны сайтқа жариялайды.

16 Талапкерлердің шығармашылық емтиханда алған бағалары туралы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ресми ақпарат көздері:

talapker.kaznai.kz

@kaznai_info

@academy.zhurgenov

# 5

# ТАЛАПКЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУ БАРЫСЫ

10:00

10.07.2020

**1** Бірінші шығармашылық емтиханнан сәтті өткен талапкерлердің электорнды почталарына және wats app номеріне олардың MOODLE жүйесіне тіркелуіне мүмкіндік беретін логин және парольдері жіберіледі

**2** Талапкер сайттағы хабарландыруда көрсетілген адрес бойынша ZOOM қосымшасына қосылуы тиіс. Төл құжатын көрсетуі керек. Девайске талапкер өз аты жөнін енгізуі керек. Бұл талапкерді онлайн тіркеу үшін қажетті

**3** Талапкер үнемі бейнекамераның алдында отыруы тиіс. Емтихан тапсырып жатқан жерге талапкерден өзге адамдардың кірмеуі тиіс. Талапкердің бет-әлпеті, қимыл қозғалысы толықтай көрініп тұрғаны жөн. Егер талапкер емтихан тапсырып жатқан кезде орнынан тұрып кетсе немесе бөгде адамдармен байланысқа түсіп, емтихан жауаптарын алса, онда талапкердің жауабы есептемейді

**4** 

сілтемесі арқылы moodle жүйесіне талапкердің логин және паролімен тіркеледі

**5** «Личный кабинетке» кіріп, «Мои курсы» «Название дисциплин» басады



пәнді таңдайсыз

**6** Пән таңдалған соң, одан әрі «Билет» деген тетікті басасыз

## ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН – АУЫЗША (БИЛЕТ БОЙЫНША)

**7** Выбор билета




**8** Кез-келген билетті таңдап, «подтвердить» деп басып, таңдалған билетті «Загрузкадан» аласыз. Билет номерін айтасыз

**9** Билет таңдаған соң талапкердің ZOOM қосымшасымен онлайн-режимде (девайс экраннан алыстамай) даярлануына 10 мин уақыт беріледі. Талапкердің қимыл-әрекеттерін бейне бақылауда болады. Талапкер сұрақтарға жауап береді. Тыңдап отырған комиссия мүшелері өздеріне ескертпелерін белгілеп отырады. Барлық талапкерлер билеттерге жауап беріп болған соң, олар онлайн – емтиханнан шығып кетуге рұқста беріледі

**10** Егер талапкер кестеде көрсетілген уақытта онлайн қабылдау емтиханына қосыла алмаған жағдайда немесе интернет кенеттен өшіп қалған жағдайда комиссия мүшелеріне хабарлама немесе телефон соғып интернетке қосылу мүмкіндігі жайында ескертуі керек. Егер талапкер 15 минутта қосыла алмаған жағдайда шығармашылық қабылдау емтиханы басқа уақытқа, бірақ сол емтихан өткізілетін күнге қайта қойылады. Екінші рет қайта тапсырған кезде талапкер басқа, жаңа билет бойынша жауап береді. Ал шығармашылық емтиханды қабылдаушылар хаттамаға талапкердің бірінші реттен интернетке қосыла алмағандықтан қатыспағанын жазады

# 6

# ТАЛАПКЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ТАПСЫРУ БАРЫСЫ

**11** Ескерте кететін жайт, интернетке қосыла алмау кесірінен болған мәселелерге сәйкес талапкерге тек қана тағы бір мәрте мүмкіндік беріледі. Егер талапкер ып, өз шешімдерін хаттамамен бекітеді

**12** Комиссия мүшелері **ZOOM** қосымшасында талапкерлердің бағаларын қойып, өз шешімдерін хаттамамен бекітеді

**13** Талапкерлердің шығармашылық емтиханда алған бағалары туралы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ресми ақпарат көздері

talapker.kaznai.kz

@academy.zhurgenov

@kaznai_info

«Өнертану» факультетінің әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында жарияланады

**6В024 «Өнертану»**
**білім беру бағдарламасы бойынша**
**қабылдау комиссиясының төрағасы және мүшелері**



**Комиссия төрағасы:**
1.Жаксылыкова Меруерт Болатканкызы – «Өнертану» факультетінің деканы, өнертану кандидаты, доцент.

**Комиссия мүшелері:**
**«Кинотану» траекториясы:**
1.Нөгербек Баубек Бауыржанұлы - PhD докторы, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының доценті;
2.Амирбекова Дана Нурмухаметовна – өнертану магистрі, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы.
**«Кинотеледраматургия» траекториясы:**
1.Балғабаев Сұлтанөлі Базарбайұлы – «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері;
2.Ахмет Ақмоншақ Батырқызы – өнертану магистрі, «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.
**«Театртану» траекториясы:**
1.Нұрпейіс Бақыт Көкиқызы – өнертану докторы, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры;
2.Кумаргалиева Назерке Рамазанқызы – өнертану магистрі, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушысы.
**«Өнертану» траекториясы:**
1.Оразкулова Калдыгуль Серикбаевна – «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, профессор;
2.Джабыкбаева Меруерт Бакытжановна – өнертану магистрі, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының оқытушы;

**Барша талапкерлерге сәттілік тілейміз!!!**